

Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының ұялы байланысты пайдалануының тәртібі туралы <*>

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 10 тамыз N 757. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1999.02.23. N 149 қаулысымен. ~P990149

Мемлекеттік қаражатты үнемдеу режимін күшейту және Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының ұялы байланысты пайдалануын тәртіпке келтіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Ұялы байланысты пайдалану құқығы министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрамына кірмейтін орталық атқарушы органдарының және басқа да мемлекеттік органдардың басшыларына, олардың орынбасарларына; орталық атқарушы органдар департаменттерінің, агенттіктерінің, комитеттерінің басшыларына; Қазақстан Республикасы Президентінің бірінші көмекшісіне, Қазақстан Республикасы Президенті Кеңесінің меңгерушісіне, Қазақстан Республикасы Президентінің Хаттама бастығы мен Баспасөз хатшысына, Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Хатшылығының жетекшісіне, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Баспасөз қызметінің жетекшісіне, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің көмекшісіне, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың әкімдеріне және олардың орынбасарларына берілсін. <*>

Ескерту. 1-тармақ өзгерді - ҚРҰ-нің 1998.11.10. N 1143 қаулысымен.

P981143_

2. Министрліктер, мемлекеттік комитеттер, Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрамына кірмейтін орталық атқарушы органдар мен басқа да мемлекеттік органдар ұялы телефондардың санын осы қаулыға сәйкестендірсін.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарын ұстауға арналған

шығыстарды осы қаулыда белгіленген ұялы байланысты пайдаланудың тәртібін ескере отырып қарастырсын;

мемлекеттік органдар аппаратын ұстауға арналған қаражаттың жұмсалыуына тұрақты бақылау орнатсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК